

## **Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау бойынша қосымша шара туралы**

Қостанай облысы мәслихатының 2020 жылғы 11 маусымдағы № 510 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 маусымда № 9264 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Ардагерлер туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес, Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ардагерлерге және "Ардагерлер туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының күші қолданылатын басқа да адамдарға санаторий-курорттық емделуді ұсыну түрінде әлеуметтік қолдау бойынша қосымша шара облыстық бюджетте көзделген сома шегінде белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай облыстық мәслихаты сессиясының төрағасы*

*В. Семейкин*

*Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы*

*С. Ещанов*